

"Алматы-Астана автожолын оңалту" жобасының Гүлшат-Ақшатау учаскесіндегі орындалған жұмыстарды қабылдау жөніндегі мемлекеттік комиссия құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2001 жылғы 18 тамыз N 1083. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы N 1321 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы N 1321 Қаулысымен.

Ақауларды болдырмау және орындалатын жұмыстардың сапасына талаптарды күшейту, сондай-ақ "Алматы-Астана автожолын оңалту" жобасын іске асыру жөніндегі орындалған жұмыстарды қабылдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес құрамда "Алматы-Астана автожолын оңалту" жобасының Гүлшат-Ақшатау учаскесінде орындалған жұмыстарды қабылдау жөніндегі мемлекеттік комиссиясы (бұдан әрі - мемлекеттік комиссия) құрылсын

2. Мемлекеттік комиссия Алматы-Астана автожолының Гүлшат-Ақшатау учаскесіндегі орындалған жол салу-құрылыс жұмыстарын қабылдауды 1997 жылғы 5 қарашадағы N ADB/001/CW келісім-шартты техникалық ерекшеліктерінің талаптарына сәйкес жүргізсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Кәрім Қажымқанұлы Мәсімовке жүктелсін. < * >

Ескерту. 3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.02.19. N 176 қаулысымен.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2001 жылғы 18 тамыздағы

N 1083 қаулысына

қосымша

"Алматы-Астана автожолын оңалту" жобасының Гүлшат-Ақшатау учаскесіндегі орындалған жұмыстарды қабылдау жөніндегі мемлекеттік комиссияның құрамы

- Нағманов - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрі,
Қажымұрат Ыбырайұлы комиссия төрағасы;
- Исенғалиев - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар вице-министрі,
Бақытжан Ізтілеуұлы комиссия төрағасының орынбасары;
- Сұлтанов - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі
Ерік Хамзаұлы Автомобиль жолдары және инфрақұрылымдық кешен құрылысы комитетінің төрағасы;
- Меркер - Қазақстан Республикасының
Виктор Александрович Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің төрағасы;
- Вовутко - Қазақстан Республикасы Ішкі істер
Юрий Иосифович министрлігінің Жол полициясы департаменті бастығының орынбасары;
- Машицкий - Қарағанды облысының Мемлекеттік
Олег Владимирович өртке қарсы қызмет бастығының орынбасары - ішкі қызмет полковнигі;
- Шайменов - Қарағанды облысы Жол полициясы
Есентай Қайыпұлы басқармасының бастығы - полиция полковнигі;
- Қожахметов - Қарағанды Қоршаған ортаны қорғау
Балташ Тілепбекұлы аумақтық басқармасының бастығы;
- Андрющенко - Қазақстан Республикасының
Александр Иванович Индустрия және сауда бірінші вице-министрі;
- Дунаев - Қазақстан Республикасының
Арман Ғалиасқарұлы Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі;
- Шардарбек - Қазақстан Республикасының
Шәріпбек Шардарбекұлы Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс істері жөніндегі комитетінің төрағасы;
- Ильницкий - Қарағанды облыстық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, көлік

және байланыс басқармасының

бастығы.

Красиков Олег Александрович - "ҚазжолҒЗИ" ААҚ-ның бас директоры
(келісім бойынша);

Ескерту. Құрам өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.02.19. N 176 қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК